Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ө. Сұлтанғазин атындағы жалпы білім беретін мектебі»КММ

Мектепалды даярлық <u>О сыныбы</u>

Балалардың жасы <u>5 жас</u>

Жоспардың құрылу кезеңі;13-17.09.2021ж

| **Күн тәртібі** | **Уақыты** | **Дүйсенбі 13.09.2021** | **Сейсенбі 14.09.2021** | **Сәрсенбі 15.09.2021** | **Бейсенбі 16.09.2021** | **Жұма 17.09.2021** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Күн тәртібінің қысқаша мазмұны | | Қоршаған ортамен таныстыру / Құрастыру<br>Дене шынықтыру / Қауіпсіз мінез<br>Жапсыру<br>Қызықты матем в/к | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту<br>Орыс тілі<br>Музыка | Дене шынықтыру<br>Математика негіздері<br>Сауат ашу в/к<br>Сурет салу | Сауат ашу негіздері<br>Өзін -өзі тану<br>Жаратылыстану<br>Музыка | Көркем әдебиет<br>Мүсіндеу<br>Сауат ашу негіздері<br>Сиқырлы сандар в/к |
| Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу | *8.30 9.00* | Сәлемдесу<br>Балаларды жылы шыраймен қарсы алу. Температурасын өлшеу. Тазалығын тексеру.<br>Ата аналармен балалардың денсаулығы жөнінде әңгімелесу. | Сәлемдесу.<br>Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.<br>Температурасын өлшеу.<br>Таңертеңгілік шеңбер | Сәлемдесу.<br>Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.<br>Температурасын өлшеу.<br>«Отбасым – берекем!» қимылды ойыны | Сәлемдесу.<br>Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.<br>Температурасын өлшеу.<br>Аманбысың, алтын күн!<br>Аманбысың, жарқын күн!<br>Маған жылу, жарық бер,<br>Қуаныш пен шаттық бер | Сәлемдесу.<br>Балаларды қабылдау.<br>Температурасын өлшеу.<br>Көңіл күйлеріне назар аудару. |
| Таңертеңгілік гимнастика | | №3 кешен<br>Таңертеңгілік гимнастика | | | | |
| | | Қолдарымызды жуайық! Бетпердені дұрыс қолдану туралы түсінік | | | | |
| ҰОҚ дайындық | | **1 ұйымдастырылған оқу қызметі 09:00 – 09:30** | | | | |
| | *09:00 09:30* | **<u>1. Құрастыру</u>**<br>**Тақырыбы:** Біз қандай балалармыз?<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Болашақта жасалатын құрылысты талдайд ы , оларды орындау реттілігін белгілейді және оның негізінде нысан жасайды. | **<u>1.Дене шынықтыру</u>**<br>**Тақырыбы:** Мен күштімін, ептімін және іскермін<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>1) Жүру кезінде белгі бойынша тоқтау дағдыларын қалыптастырады.<br>2) Еңкейтілген тақтайға | **<u>1.Дене шынықтыру</u>**<br>**Тақырыбы:** Мен осындай мын, біз осындаймыз<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>1) Сапқа екі қатармен тұру және сап құрылымын өзгертіп қайта тұруды үйренеді.<br>2) Алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы | **<u>1.Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:** Бәріміз тақпақ айтамыз. Буын<br>**ҰОҚ мақсаты:** Сөздегі буындардың санын анықтайды. Қарындашты дұрыс ұстауға үйренеді. Сызбаларды, жиектерді салады. | **<u>1.Көркем әдебиет</u>**<br>**Тақырыбы:** Алтын бала<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Педагогтың әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап табады, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастырады, әңгімелеу барысында |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Күтілетін нәтиже:**<br>Болашақта жасалатын құрылысты талдай алад ы , оларды орындау реттілігін белгілейді және оның негізінде нысан жасай алады.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Дұрысын тап»<br>Шарты: балаларға карточкалар таратылады. Карточкада суреттер бейнеленген. Балалар суретте карточкада берілген жақсы балаларды көк түспен, жаман балаларды қызыл түспен қоршайды.<br>**4К моделі:** креативтілік, коммуникативтілік | өрмелеуді үйренді.<br>3) Доғаның астынан қолына допты ұстап еңбектейді (биіктігі 50 см).<br>**Күтілетін нәтиже**: Жүру кезінде белгі бойынша тоқтау дағдыларын қалыптастыра алады; еңкейтілген тақтайға өрмелеуді үйренеді; доғаның астынан қолына допты ұстап еңбектеуді үйренеді<br>**Қимылды ойын:** « ***Кегли*** »<br>**Мақсаты:** балаларды дәлдікке үйрету | секіруді үйренеді.<br>3) Гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеуді үйренеді.<br>**Күтілетін нәтиже**: Сапқа екі қатармен тұру және сап құрылымын өзгертіп қайта тұруды үйрету.<br>Алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіруді үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеуді үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Түрлі-түсті көліктер»**<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын дамыту. | **Күтілетін нәтиже:** Сөздегі буындардың санын анықтау; қарындашты дұрыс ұстауға үйрену; сызбаларды, жиектерді сала алады.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, сыни ойлау, бала үні, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «екі жұлдыз, бір тілек» әдісі, «бас бармақ» әдісі, смайлик арқылы бағалау<br>**4К моделі:** креативтілік, коммуникативтілік, сыни ойлау<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Не істеу керек, табамыз»**<br>Мақсаты: Есту зейінін жұмылдыра білуін дамыту. Сылдырмақтың дыбысымен өзінің қозғалысының арақатынасын белгілеу, қозғалыс сәйкестігін дамыту. | бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолданады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Педагогтың әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білу; бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыру; әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдана алады.<br>**Әдіс-тәсілдер:** миға шабуыл, ашық сұрақ, бала үні, «ашық микрофон» әдісі, «сиқырлы жұлдызшалар» әдісі<br>Саралау, бақылау жұмыстары.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**«Дұрысын тап»**<br>**Мақсаты:** балаларды байқампаздыққа үйрету<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Бас бармақ», «Білім ағашы»<br>**4К моделі:** сыни ойлау коммуникативтілік |
| | ***09:30 - 09:40*** | ***1 үзіліс 09:30 - 09:40*** | | | | |
| | | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар |
| | | **2 ұйымдастырылған оқу қызметі<br>09:40 – 10:10** | | | | |
| | ***09:40*** | **2. <u>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:** Адам денесі<br>**ҰОҚ мақсаты:** адамның дене | **<u>2.Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Тақырыбы:** Мен үлгілі баламын<br>**ҰОҚ мақсаты:** | **<u>2.Қарапайым математика ұғымдары</u>**<br>**Тақырыбы:** Менің мерекем. Заттарды өлшемі (биіктігі, | **<u>2.Өзін-өзі тану</u>**<br>**Тақырыбы:** Отбасым-бақыт мекені<br>**ҰОҚ мақсаты:** | **<u>2.Мүсіндеу</u>**<br>**Тақырыбы:**<br>Сазбалшықтан мүсінделіп, бояулармен сәнделген |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ***10:10*** | құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы білімдерін, жұқпалы аурулар туралы, аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы түсініктерін қалыптастырады.<br>**Күтілетін нәтиже:** адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы білімдерін, жұқпалы аурулар туралы, аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы түсініктерін қалыптастыра алады.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, бала үні<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «бас бармақ», «жетістік баспалдағы»<br>**Ойын:** «Шарды үрле»<br>**Мақсаты:** Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету. | Берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйренеді; сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын қалыптастырады.<br>**Күтілетін нәтиже**: Берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын қалыптастыра алады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: әңгімелесу, тыңдау, ашық сұрақ, бала үні<br>Саралау, бақылау жұмыстары.<br>**4К моделі:** коммуникативтілік, сыни ойлау<br>**Құрылымдалған ойын:** «Өзімізді мақтайық».<br>**Мақсаты:** балалардың өз бойларындағы ерекшеліктерін көре білуге, оны қысылмай айта білуге үйрету<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі, өзін-өзі бағалау (допты бояйды) | ұзындығы, қалыңдығы) бойынша салыстырамын<br>**ҰОҚ мақсаты:** Кеңістік ұғымдарын біледі. Заттарды өлшемі (биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы) бойынша салыстырады.<br>**Күтілетін нәтиже:** Кеңістік ұғымдарын үйрету. Заттарды өлшемі (биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы) бойынша салыстыра алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Әдіс-тәсілдер**: миға шабуыл, бала үні, ашық сұрақтар, «Пилот-Штурман» әдісі<br>**4К моделі:** коммуникативтілік, сыни ойлау<br>**Құрылымдалған ойын:** «Айырмашылығын тап»<br>Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.<br>Жұптық жұмыс «Пилот-Штурман» әдісі<br>**Бақылау:** жанама | сүйіспеншілік, сыйластық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейтеді; отбасы сүйіспеншілігі, сыйластығы туралы түсінік қалыптастырады<br>**Күтілетін нәтиже:** сүйіспеншілік, сыйластық құндылықтары туралы білу керек; отбасы сүйіспеншілігі, сыйластығы туралы түсініктерді қалыптастыра алады<br>**Әдіс-тәсілдер:** тыңдау, әңгімелесу, ашық сұрақ, бала үні, жүректен-жүрекке | ғажап ойыншық тар әлемі (Филимонов ойыншықтарының үлгісі бойынша)<br>**ҰОҚ мақсаты:** Балалар ойыншықтармен танысады, ойыншықтарды мүсіндеуге үйренеді<br>**Күтілетін нәтиже:** Балаларды ойыншықтармен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**4К моделі:** сыни ойлау, командада жұмыс жасау, коммуникативтілік, креативтілік<br>**Бақылау:** жалпылама<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «көрме», «екі жұлдыз, бір тілек» әдісі |
| | | ***2 үзіліс 10:10 - 10:20*** | | | | |
| | | Еркін ойын | Еркін ойын | Еркін ойын | Еркін ойын | Еркін ойын |
| | | **3 ұйымдастырылған оқу қызметі**<br>**10:20 – 10:50** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ***10:10 - 10:20***<br><br>*10:20*<br>*10:50* | **3. <u>Жапсыру</u>**<br>**Тақырыбы:** Менің аулам<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>үлгілер және трафарет термен, дайын киім үлгісімен жұмыс істейді<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>үлгілер және трафарет термен, дайын киім үлгісімен жұмыс істей алады.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, әңгімелесу, бала үні, ашық сұрақтар<br>**4К моделі:** коммуникативтілік, сыни ойлау<br>Саралау, бақылау жұмыстары<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Орнын тап<br>Мақсаты: берілген заттардың ауладағы орнын табу | **<u>3.Орыс тілі</u>**<br>**Тема:** Я расту<br>**Цель:** Өзі, ата-анасы туралы әңгімелеуге, мекен-жайын айтуға үйренеді<br>**Предполагаемый результат:** Өзі, ата-анасы туралы әңгімелеуге, мекен-жайын айтуға үйрету<br>**Пальчиковая игра «Про пальчики»**.<br>На ладошке в один ряд<br>дружно пальчики стоят.<br>раз, два, три, четыре, пять –<br>как нам пальчики назвать?<br>самый главный – брат<br>Большой. он отдельный, он старшой.<br>Пальчик  Указательный,<br>очень обязательный.<br>Посередке – средний брат<br>он длиннее всех ребят.<br>Безымянного забыли и не дали даже имя.<br>Вот  Мизинчик – младший брат.<br>Он последний из ребят. | 3. В/К **Өмір қауіпсіздік негіздері»**<br>**Тақырыбы:**<br>Адам үшін ең қымбат өмір<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін арттыру | **<u>3.Жаратылыстану</u>**<br>**Тақырыбы:** Бақылау кезіндегі әсерің қандай?<br>**ҰОҚ мақсаты:** Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқап, атайды, айырмашылықта<br>рын ажыратады.<br>**Күтілетін нәтиже:** Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды, айырмашылықтарын ажырата біледі.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, әңгімелесу, бақылау, ашық сұрақ, бала үні, «Аялдама» әдісі<br>**4К моделі:**<br>коммуникативтілік, сыни ойлау, командалық жұмыс<br>Жанама, қарқынды бақылау<br>**Бақылау:** Ауа-райын бақылау<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Кері байланыс, рефлексия:** екі жұлдыз, бір тілек, ашық микрофон, жетістік баспалдағы | **<u>3.Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:** Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс<br>**ҰОҚ мақсаты:** «Дыбыс» термині туралы бастапқы түсініктерін қалыптастырады. Сызбаларды, жиектерді салуға үйренеді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>«Дыбыс» термині туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; сызбаларды, жиектерді салуға үйрету<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, бала үні, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Жануарларды шақыру»<br>Мақсаты: Дыбыстардың дұрыс айтылуын бекіту.<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «бас бармақ» әдісі, «бағдаршам» әдісі<br>**4К моделі:**<br>коммуникативтілік, сыни ойлау<br>Саралау, бақылау жұмыстары |
| | | ***3  үзіліс***<br>***10:50 – 11.00*** | | | | |
| | | Еркін ойын | Еркін ойын | Еркін ойын | Еркін ойын | Еркін ойын |
| | | ***11:00 – 11:20***<br>Сергіту сәті, саусақ ойындары, өлеңдер, тақпақтар жаттау, дидактикалық ойындар, қимылды ойындар, сюжетті ойындар,  шығармашылық жұмыстар | | | | |
| Сергіту сәті,<br>өлеңдер, | | «***Дос болайық бәріміз***» әні<br>Әрқашан дос, біргеміз, | ***Шығармашылық жұмыс***<br>Жырту техникасымен заттық | ***Сергіту сәті***<br>Еркін ұста денеңді, | ***Тақпақ жаттау***<br>«Әжеге арнау» | ***Дидактикалық ойын:***<br>«Сиқырлы суреттер» |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| тақпақтар жаттау, дидактикалық ойындар, қимылды ойындар, сюжетті ойындар, шығармашылық жұмыстар | | Ажырамас іргеміз.<br>Ілгері жүріңдер,<br>Достық жырын біліңдер.<br>Ту ғып ұстап бірлікті, Еңбекті сүйіңдер.<br>**Қ/сы:** Дос болайық бәріміз,<br>Жарасып әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. | аппликация | Тарсылдатпай еденді<br>Орнымыздан тұрып ап<br>Жүгірейік бір уақ.<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш.<br>Аяқты алға созайық<br>Тік көтеріп, қозғайық.<br>Тым сылбыр да болмайық<br>Алға қарай озбайық.<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш. | Ақ әжемді сағынамын мейрімді,<br>Маған арнап қолғап тоқып берем деп.<br>Қасиетті ұршығын ол иірді,<br>Бізді күтер келер деп, терезеге елең деп<br>Қаймақ, майын немереге сақтаған,<br>Ұл-қыздарың үмітіңді ақтаған.<br>Сендей әже бұл әлемде жоқ сірә,<br>Балаларын жылы сөзбен баптаған. | **Мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту |
| | | **4 ұйымдастырылған оқу қызметі<br>11:30 – 12:00** | | | | |
| | *10:50 – 11.00*<br><br>**11:30 – 12:00** | **4.** в/к Логика<br>**Тақырыбы:** Бірдей. Әртүрлі. Заттарды әртүрлі белгілер бойынша салыстыру. Геометриялық фигуралар туралы жалпы түсініктер (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш)<br>**ҰОҚ мақсаты:** Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру, олардың қасиеттері мен айырмашылықтарын | **4.Музыка**<br>**Тақырыбы:** Мен өнерлі баламын<br>**ҰОҚ мақсаты**: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіреді, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтады. Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, шырақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айтады<br>**Күтілетін нәтиже**: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіре алады, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айта алады. Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, шырақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айта алады<br>***Әдіс-тәсілдер***: түсіндіру, | **4.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Мен сиқыршымын! (сәндік)<br>**ҰОҚ мақсаты:** Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастырады, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастырады, іскерліктерін көрсетеді<br>**Күтілетін нәтиже:** Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра алады, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра біледі, іскер ліктерін көрсете алады.<br>**Әдіс-тәсілдер:** ашық сұрақ, | **4.Музыка**<br>**Тақырыбы:** Мен Отанымды сүйемін<br>**ҰОҚ мақсаты:** Шығармалардың эмоцио - налдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажыратады. Әннің сипатын қабылдап, дауысын дұрыс келтіріп орындайды, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл береді, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратады.<br>**Күтілетін нәтиже:** Шығармалардың эмоцио налдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырата алады; әннің сипатын қабылдап, дауысын дұрыс келтіріп орындай алады, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл | **4.** в/к Лего құрастыру<br>**Тақырыбы:** «Түлкінің үйшігі»<br>**ҰОҚ мақсаты:** Көркем әдебиетке деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу; балаларды тәртіпке және құрастыруға қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Бейнелеу қызметіне қызығушылықты қолдау, нақты тапсырмаға назар аудару қабілеттерін дамыту; кеңістіктік қиялды, қиялды, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «бірдей», «әртүрлі» деген сөздерді қолдана отырып табу іскерлігін қалыптастыру; | әңгімелесу, ашық сұрақ, бала үні | бала үні, түсіндіру, әңгімелесу **Кері байланыс, рефлексия:** екі жұлдыз, бір тілек, бас бармақ | бере алады, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата алады. **Әдіс-тәсілдер**: түсіндіру, әңгімелесу, ашық сұрақ, бала үні, сұрақ-жауап | шығармашылық қабілеттер мен талғамды дамыту; жадыны, ойлауды, ұсақ моториканы дамыту. Түлкі құрастыруға үйрету. "Штамп" суретсалу техникасында жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; жануарлардың, гүлдердің атауларын бекіту. |
| | | **Серуен** | | | | |
| Серуенге дайындық. Серуен | 12:00 12:30 | **Бақылау:** Жәндіктерді бақылау Мақсаты: күзде мезгіліндегі жәндіктердің тіршілігін бақылау **Еңбек:** Біздің алаң (ауладағы жапырақтарды жинау) Мақсаты: балалардың еңбекке ынтасын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету | **Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге де әсер ететіндігін түсіндіру **Еңбек**: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. | **Бақылау:** Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. **Еңбек**: Гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. | **Бақылау:** Көгершінді бақылау Мақсаты: балаларға көгершіннің немен қоректенетінін, қайда мекендейтінін, қалай дыбыстайтынын, түрін, түсін, пішінін түсіндіру **Еңбек:** Ауладағы құстарға жем беру Мақсаты: табиғатты аялай білуге, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу | **Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату**.** **Еңбек**: Ауладағы гүлдерді суару. **Мақсаты:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. |
| Серуеннен оралу | 12:30 12:45 | Киімдерін реттілікпен жинауды үйрету. Серуеннен нені бақылағандарын сұрау | Киімдерін реттілікпен жинауды үйрету. Серуеннен нені бақылағандарын сұрау | Киімдерін реттілікпен жинауды үйрету. Серуеннен нені бақылағандарын сұрау | Киімдерін реттілікпен жинауды үйрету. Серуеннен нені бақылағандарын сұрау | Киімдерін реттілікпен жинауды үйрету. Серуеннен нені |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | бақылағандарын сұрау |
| **«Ертеңге дейін сау бол...»** Ата-аналармен қарым-қатынас. Кеңестер. Үйге қайту. | 12:45 13:00 | Ата-аналарынан, ата-әжелерінен киіз үй туралы мағлұмат біліп келу.<br>Үйге қайту | Балалар бақбақ гүлінің пайдасы туралы түсінікті алды, бірақ ата-аналарды осы қызықты танымдық үдеріске тартуға, яғни оларға балалармен бірге дәріханалардағы арнайы кептірілген бақбақ гүлі салынған қораптарды, энциклопедияларды оқуды ұсыну.<br>Үйге шығарып салу | Гүлдер туралы үлкендерден сұрау және хрестоматияда берілген А.Меңжанованың «Гүл» деген өлеңін оқу.<br>Ата-аналарға кеңес.<br>Үйге қайту | Баланың бүгінгі көңіл-күйі, жетістіктері туралы әңгімелесу<br>Үйге қайту | Ата-аналарға кеңес Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану.<br>Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз<br>Үйге қайту |

Тәрбиеші : Биржанова Б.Ж